

Келісілді

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет әдіскері
Г.Қ.Нұрмағанбетова

« 8 » сәуір 2025ж



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МККК меңгерушісі:
Ж.А. Күрманова
« 8 » сәуір 2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Құлагер» мектепалды даярлық тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Кішкентай театр жұлдыздары»**

Аябергенова А.Т.
Оразова М.Н.

Қандыағаш қаласы

**«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы МКҚК- ның
№14 «Құлагер» мектепалды даярлық тобының
тәрбиешілері А.Т.Аябергенова мен М.Н Оразованың**

«Кішкентай театр жұлдыздары» атты вариативтік компонентіне

Пікір

Автор аталған еңбегінде мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет ойын әрекеті, сонын ішіндегі театр саласына көңіл бөле отырып, мектепке дейінгі мектепалды даярлық жастағы балалар тобына арнап «Кішкентай театр жұлдыздары» (вариативті компоненті) жинағын құрастырған. Автор, балаларды ертегі түрлерімен таныстыра отырып, баланың есте сақтау қабілеті мен театр өнеріне баулу арқылы балалардың тілдерін дамыту, көркем шығармалар талдауға байланысты білік дағдыларын қалыптастыру кейіпкер, автор, сюжет, композиция, негізгі ой, көңіл күйді сезінуге үйретеді. Театр жеке тұлғаның қалыптасуына, оның ақыл-ойының дамуына, адамгершілік-рухани қасиеттерінің қалыптасуына өте жақсы әсер ететіндігі ескерілген. Баланы айнала қоршаған ортамен, ертегілермен таныстырып қана қоймай, қасындағыларына қамқор болуға, оны күтіп баптауға, аялауға үйретудің және сахналау әдістемесінің нақты көрсетілуі мен ондағы іс-әрекеттердің құрылымының сақталуына, балалардың танымын дамытуға, ертегі мазмұнының құбылыстары бойынша балалардың сахнада ойнатуға арналған жұмыстар жүргізуге назар аударылған. Автор өз еңбегінде аталған мәселелерді өз алдына мақсат етіп қойып, көп ізденгені, өзінің іс-тәжірибесін қолданғаны көрініп тұр. Жинақта әр түрлі ертегі желісілері мен театр түрлері туралы толық қамтылып жазылған. Ертегілер еліне саяхат бағдарламасында іс-әрекетінің мазмұны жан-жақты ашып көрсетілген және сахналық көріністер балалар үшін жалықтырмайтындай қызықты болуы керектігі ескерілген.

Түсінік хат

2025-2026 оқу жылына жалпы оқу жоспары негізінде тәрбиеленушілер компоненті коммуникативтік дағды бойынша қосымша «Кішкентай театр жұлдыздары» тандауы «Құлагер» мектепалды даярлық тобына арналып аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа жасалды. Бұл тандауда тәрбиеленушілердің ертегі арқылы баланы жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту, оның дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін арттыру болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет ойын әрекеті болып табылады. Ойын әрекетінің бір түрі – сахналау, көңілді театр. Театр өнеріне баулу арқылы балалардың тілдерін дамыту, көркем шығармалар талдауға байланысты білік дағдыларын қалыптастыру кейіпкер, автор, сюжет, композиция, негізгі ой, көңіл күйді сезінуге үйретеді.

Ертегілер еліне саяхат – бұл мектепке дейінгі жастағы балалардың ерекше ынталанып қарайтын көрісітердің бірі. Театр қимылдары мен түстері арқылы өзіне тартады. Көңілді театрында балалар өздеріне таныс және жанына жақын ойыншықтар: қонжық, қоян, күшік, ит және т.б. көреді, театрда бұл ойыншықтар тіріледі, сөйлейді, ойнайды, қимылдайды және тартымдырақ болады. Театр балаларды өзінің ғажайып әлеміне алып кетеді, өзіне баурап алады.

Ертегілер еліне саяхат балаларға қуаныш пен үлкен сезім сыйлайды. Бірақ қуыршақтар театрын көңіл көтеруші ретінде қарамай, театрда тәрбие беру жүйесі кеңінен таралғанына мән беру керек. Баланың мектепке дейінгі жасында талғамы, қызығушылығы, қоршаған ортағы белгілі қарым-қатынастар қалыптасады. Сондықтанда бұл жастағы балаларға достық, шындық, тапқырлық, батырлық, батылдық туралы мысалдар көрсетілуі керек.

Бұл мақсатқа жету үшін қуыршақтар театры үлкен мүмкіндік береді. Баланың әдеби талғамының қалыптасуына қуыршақтар театрындағы – кейіпкерлері, көркемделуі, сөзі мен әуені – маңызды роль атқарады. Сонымен қатар әдеби шығарманы дұрыс түсінуге үлкен көмегін тигізеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалар әсер алғыш және эмоциональдық қозғауға берілгіш болып келеді. Олар қуыршақтардың қойған сұрақтарына жауап беріп, болып жатқан оқиғаға белсене қатысып, олардың берген тапсырмаларын қызығушылықпен орындап, пікір алмасып, келе жатқан қауіп туралы ескертеді.

Көріністің эмоционалды болуынан балалардың театр кейіпкерлеріне деген пікірін білуге болады. Театрда көрсетілге көріністер мен ертегілер балалардың естерінде ұзақ мерзіміе сақталады. Олар театрда көргендерін жолдастарымен бөлісіп, ата-аналарына айтып береді. Бұл баланың дамуында үлкен роль атқарады.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға сахна өнерін, қуыршақ театрын меңгерту;
- Шығармашылығын дамыту;
- Тілдік қорын байыту;
- Мәнерлеп сөйлеуге үйрету;
- Балалардың талантың және жаңа қабілеттерін ашу;
- Білім, білікті дағдыларын дамыту;
- Талғамы, қызығушылығы, қоршаған ортаға деген белгілі қарым-қатынастар қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ертегідегі кейіпкерлердің ролін сомдауға;
- Шығарманы баяндауға;
- Адамгершілік қасиеттерді бағалауға;
- Сахна, театр мәдениетін білуге үйрету;
- Көрген кейіпкерлердің жақсы, жаман қасиеттерін ажыратып, адамгершілікке тәрбиелеу;
- Балаларды достыққа, шындыққа, тапқырлыққа, батырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу;
- Балалардың өздері театрландырылған көріністер көрсете біліп, сахнада ойнай алуға үйрету;
- Ертегілердің мазмұнының және онда болып жатқан оқиғалардың ретін есте сақтап қалуға үйрету;
- Дауыс ырқағын, артистік қабілетін дамыту;
- Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Жас ерекшеліктеріне сай ертегілерді біледі;
- Кейіпкерлердің көңіл-күйін түсінеді;
- Мәнерлеп сөйлеу машығы қалыптасады;
- Автор сөзін түсініп тыңдауға машықтанады;
- Сахна, театр мәдениетін игереді;
- Талғамы, қызығушылығы, қоршаған ортаға деген белгілі қарым-қатынастар қалыптасады.

Ұйымдасқан оқу қызметінің перспективалық саны

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Өтілетін уақыты
1	Шалқан ертегісі	Ертегі кейіпкерлері сахналау,Ертегі желісін ретімен орындау. Ертегіні сахналау арқылы , тіл байлығын,ойын,зейінін сөздік қорын дамыту.Достыққа,әдемілікке ұқыптылыққа, уішіпейлікке,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1	
2	«Шалқан» ертегісін сахналауға үйрету	Балалардың өздерін сахналық қойылымға қатыстыру арқылы ертегінің мазмұның ұзақ мерзіміе есте сақтауға үйрету. Сахнада болған көріністерді есте сақтап, балалар қуыршықтарды өздері ширмада сахналауды үйрету.	1	
3	Ауырып қалған қонжық	Ертегінің мазмұның және онда болып жатқан оқиғалардың ретін есте сақтап қалуға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып ,іскерлік дағдыларын дамыту.	1	
4	Үш көбелек	Кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру. Зейінің, есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	1	
5	Жапырақты н күзгі серуені	Зейінің, есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	1	
6	Әтеш пен Тоты	Ертегінің мазмұны түсіну өз түсінігімен әңгімелесу. Дауыс күшін өзгертіп түрлі интонацияда дыбыстау. Сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін серіктесімен сәйкестендіре отырып, сақтау.	1	
7	Түлкі, қоян және әтеш	Ертегінің мазмұның өзгертпей әңгімелеуге үйрету. Театрыдағы декорацияны ауыстыра отырып, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
8	«Түлкі мен қоян»	Ертегі суреттері арқылы мазмұнымен таныстыру. Міндеттері; Дидактикалық ойын арқылы ой өрістерін , танымдық қасиеттерін кеңету.Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы шығармашылығын дамыту.	1	

9	«Бауырсақ» ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстырып, қызығушылықтарын ояту. Зейінің есте сақтау қабілітін дамыту.	1	
10	«Биші балалар»	Сахнада болып жатқан көріністерді есте сақтап, ерекше артистер біздің қолдарымыздың қуыршақтарға қалай айналатын көрсету.	1	
11	Бауырсақ	Ертегіні тындауға құштарлығын дамыту. Танымдық және сахнада ойнауға деген қызығушылығын дамыту.	1	
13	«Биші балалар» балалардың өздері сахналауы	Балалардың өздерін сахналық қойылымға қатыстыру арқылы ертегінің мазмұнын ұзақ мерзіміе есте сақтауға үйрету. Сахнада болған көріністерді есте сақтап, балалар қолғап қуыршықтарды өздері ширмада сахналауды үйрету.	1	
14	Айна ертегі	Адамдардың сезімі мен қарым- қатынасын көрсету.Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру.	1	
15	«Маша мен аю» балалардың өздері сахналауы	Ертегіні тындауға құштарлығын дамыту. Танымдық және сахнада ойнауға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып ,іскерлік дағдыларын дамыту.	1	
16	«Маша мен аю»	Сиқыр әлемімен балаларды таныстыру. Көрініс пантомимды көрсетіледі. (сөзсіз, әуен ырғағымен) Әдептілікке,өзара жолдастыққа көмек көрсетуге тәрбиелеу.	1	
17	Қасқыр мен қоян	Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника бойынша қабылдауға үйрету .Балаларға эстетикалық талғамдылық)тәрбие беру арқылы шығармашылық дамыту. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып ,іскерлік дағдыларын дамыту.Әдептілікке,өзара жолдастыққа көмек көрсетуге тәрбиелеу.	1	
18	«Қызыл телпек» ертегісін сахналауға үйрету	Балалардың өздерін сахналық қойылымға қатыстыру арқылы ертегінің мазмұнын ұзақ мерзіміе есте сақтауға үйрету. Сахнада болған көріністерді есте сақтап, балалар қуыршықтарды өздері ширмада сахналауды үйрету.	1	

19	«Жеті және қасқыр»	Ертегіні тындауға құштарлығын дамыту. Танымдық және сахнада ойнауға деген қызығушылығын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастыққа көмек көрсетуге тәрбиелеу.	1	
20	«Шұбар тауық»	Ертегі мұқият тындауға оқиғалардың реттілігін есте сақтауға, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.	1	
21	«Үш аю»	Балаларды достыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Зейінің, есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
22	«Мақта қыз бен мысық»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстырып, қызығушылықтарын ояту. Зейінің есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
23	«Алтын балық»	Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту. Достыққа, әдемілікке, ұқыптылыққа, кішіпейілдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	1	
23	Қонжық пен қоянның тығылыспақ ойнауы	Қарапайым балалар ойыншығынан театрланған көрініс көрсету. Балалардың қызығушылығын ояту. Зейінің, есте сақтау қабілетін дамыту.	1	
24	Қасқыр мен ит	Ертегісін саусақ театры арқылы көрсету, қасқыр жағымсыз, ит-жеті қазынаның бірі екенін айту. Театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлері саусақ театрын қолдануды үйрету. Жұбымен келісе отырып сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтау.	1	

25	Тышқандар	Ертегі кейіпкерін сахналау, ертегі мазмұнын меңгерту. Ертегі желісін ретімен орындау, Ертегіні сахналау арқылы, тіл байлығын, ойын, зейінін сөздік қорын дамыту. Достыққа, әдемілікке, ұқыптылыққа, кішіпейілдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	1	
26	Түлкі мен тырна	Театрландарылған әрекетті басқа да жұмыс түрлері көлеңкелі театрды қою іскерлігін жетілдіру.	1	
27	Айна(ертегі)	Адамдардың сезімі мен қарым-қатынасын көрсету. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру.	1	
28	Ақ тиін	Балаларға өлеңді тыңдап, тиіннің рөлін ойнай білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	
29	Торғай мен мысық	Кейіпкерлердің әрекетіне өзінің көзқарасын білдіре білу. Оны адамгершілік нормалары мен түсініктірі тұрғысынан бағалау.	1	
30	Кім күшті	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау. Балалардың дүниетанымдарын кеңейте отырып, сахнада ойнау арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Жүру тұру өзін өзі ұстай білу мәдениетіне тәрбиелеу.	1	
31	Түлкі мен тауық	Балаларға ертегіні тандата отырып, ертегі желісін саусақ театры арқылы көрсетуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ересектермен және құрдастарымен қарым –қатынасын жақсарту.	1	

32	Ақ тиін мен қасқыр	Ертегінің мазмұнын ,мәнерлеп айта білуге үйретіп ,балаларды қамқорлыққа,қайырымдылыққа тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерінің мінез құлықтары туралы білім беру,байланыстырып сөйлеуге өз ойларын нақты жеткізе білуге дағдыландыру.	1	
33	Арыстан мен қоян	Кейіпкерлерді дене пластикасы ,ым,даусы,мимика арқылы құру,Сахнада бағдарлану.Балаларға ертегінің мақсатын түсінуге дұрыс тыңдауға ,осы ертегідегі жағымды – жағымсыз кейіпкерлерді бейнесін саусақ театры арқылы көрсету.	1	
34	Екі қыз бір бала	Сахнаны ,аланды бағдарлы білу .Театрландырған қойлымды дайындау барысында ересектермен және құрдастармен өзара әрекет ету.	1	
35	Алдаркөсе мен бай	Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау . Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқынды дыбыстауды қалыптастыру.	1	
36	Ұзын құлақ сұр қоян	Өлең мазмұнын түсініп жатқа айтуға үйрету Сахналаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.Балаларға қоян туралы түсінік беру. Қоянның рөлін орындай білуге үйрету.	1	
		Барлығы	36	